

**«8D02310 - Филология» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Кайимов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана
шындығының көркем бейнеленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

СЫН - ШҚР

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағыттың көрсетуі)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</p> <p>2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);</p> <p>3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.).</p>
2.	<p>Ғылымға маныздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Аталған жұмыс әдебиеттану ғылымына елеулі үлесін қосады. Бұқар жырау шығармашылығы - қазақ әдебиеті тарихындағы манызды тақырыптардың бірі. Ұсынғылып отырған жұмыста Бұқар Қалқаманұлының шығармашылығындағы рухани-адамгершілік мәселелер дәстүрлі қазақ мәдениетімен байланыста, бірлікте қарастырылған отыр. Диссертант Бұқар жырау толғауларындағы діни түсініктерге талдау жасай отырып, олардың көркемдік ерекшелігін, жалпы адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды берудегі шеберлігін айқындаған. Сондай-ақ, Бұқар жыраудың философиялық танымы мен көркем шығармашылығына рухани-адамгершілік мәселелерді қарастыру тұрғысынан кешенді талдау жүргізілген. Сондықтан диссертацияның маныздылығы</p>

		ашылған.
3.	<p>Өзі жазу Принципі</p> <p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертанттың өзіндік ой қорығулары, пайымдауларынан ғылыми жазу стилінің қалыптасқандығын аңғаруға болады. Әр бөлімде берілген тұжырымдаулары жазу деңгейінің жоғары екенін байқатады. Академиялық жазу ұстанымдары толық сақталған.</p>
4.	<p>Ішкі бірлік принципі</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі тақырыпқа қатысты зерттеулерді, әдебиет көздерін мұқият талдап, жоспарланған жұмыстың өзектілігін анықтауымен негізделеді. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері қарай әдеби- мәдени мұрамызға жанаша қарау, зерттеу нысанына айналмаған аспектіден қарау жолға қойылды. Осы тұрғыдан алғанда зерттеушінің диссертациясы қазак әдебиеті тарихына қосылған қажет еңбек деуге болады. Ізденуші Бұқар жырау шығармаларындағы рухани адамгершілік мәселелерді дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық аясында саралаған. Сол себепті, диссертацияның өзектілігі негізделген деп айта аламыз.</p> <p>Диссертацияның тақырыбы айқын, зерттеу нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері нақты. Зерттеудің жаңалығы мен тұжырымдары дәйекті. Жұмыстың құрылымы, тарау мен бөлімдердің атаулары зерттеудің бір тұтастығын білдіреді. Бұдан зерттеуден алынған нәтижелердің ішкі бірлігін көреміз. Диссертация тақырыбының өзектілігі, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдары, жалпы ішкі мазмұны күмән туғызбайды.</p> <p>Жұмысты орындау барысында Бұқар Қалқаманұлы шығармашылығындағы адам мен табиғат концептілерінің рухани, танымдық мәселесі сабақтастырылып, қоғамдағы рухани адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойлар жинақталған. Сондықтан да, ізденуші көрсетілген мақсат-міндеттерді түгел орындап шыққан.</p> <p>Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, екі тарау, тарау ішінде тараушалардан, анықтамалық, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады. Диссертацияның бөлімдері мен құрылымы толық байланысқан. Зерттеуден алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертациялық жұмыстың құрылымдық тұтастығына негіз болған.</p> <p>Автордың диссертацияны орындау барысында өз тарапынан ұсынған жаңа шешімдері, өзіндік пікірін дәйектейтін сыни талдаулары бар. Диссертант: «Бұқар шығармаларын шартты түрде хан ордасына келгенге дейін немесе Абылай тұсындағы деп қарастырылғанымызбен, оның толғауларындағы ой өзегі</p>

	<p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Бұл қисынға көнбейді. Себебі, оның толғауларындағы ой мәйегі, тақырыптар жеке-дара қарастыруғаннан гөрі тұтастықты талап етіп, ел бірлігі, рухани-адамгершілік дейтін ұлы арнада тоғысады. Оның толғауларында ұсақ-түйек нәрсе жоқ, тіпті елеусіздеу болып көрінер нәрсенің өзіне Бұқар бей-жай қарамайды, кейінгі жағдайын, түпкі келтірер пайдасы мен зардабын дәйекті мысалдармен айшықтап көрсетеді», - дейді. Осындай сыни-талдаулар диссертацияның құндылығын арттыруда үлкен рөл атқарып тұр.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен қағидағтары толығымен жаңа болып есептеледі. 1-нәтижені жаңа деп есептейміз. Бұқар Қалқаманұлының философиялық ой-тұжырымдарының казак қоғамындағы саяси-әлеуметтік және отбасылық институттардың бағыт-бағдарын айқындағаны бүтінгі күн тұрғысынан пайымдалған. 2-нәтиже толығымен жаңа. Жырау шығармашылығындағы ислам дінінің көрініс табуы, оның адамгершілік мұратпен сабақтастығы сараланған. 3-нәтиже толығымен жаңа. Жырау толғауларының мифологиялық сипаты айқын архетиптермен бейнеленіп отыратыны мысалдармен дәйектеліп берілген. 4-нәтиже толығымен жаңа. Бұқар жырау шығармашылығының екінші кезеңі оның толғауларының мифологиялануымен ерекшелендігі жайлы нақты тұжырымдар жасалған. 5-нәтиже толығымен жаңа. Жырау толғауларының негізгі өзегі – рухани адамгершілік құндылықтар екендігі зерделенген.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда ғылыми нәтижелерге негізделген жаңа қорытындылар бар. Диссертант әр ойды тұжырымдап, қорытынды жасап отырған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында қолданылған техникалық, технологиялық шешімдері толығымен жаңа және негізделген.</p>

	табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	
6. Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда берілген қорытындылар ғылыми тұрғыда нақты дәлелдермен негізделген. Басты зерттеу нысанына айналған Бұқар жырау шығармашылығының рухани-адамгершілік аспектілерін және олардың қазақ мәдениетімен байланысын аша білген.
7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағт бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағт дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі дәлелденген тұжырымдар:</p> <p>7.1 Диссертант Бұқар Қалқаманұлының рухани-адамгершілік туралы толғамдары елдік мүддемен сабақтасып, жыраулық поэзиясының көкжиегін кеңейткен тың тақырыптарға жол ашқандығын анықтап, Бұқар Қалқаманұлының шығармаларының ұлттық таным мен рухани-адамгершіліктің темірқазығы екендігін нақты мысалдармен әр тарауында айқындаған, қағидағтары дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациялық еңбекте ұсынылған қағидағтар тривиалды емес.</p> <p>7.3 «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» тұжырау шығармашылығын бүтінгі күн тұрғысынан қарастыруымен жана дәуге болады. Диссертант Бұқар жырау толғауларының мифологизалануымен ерекшеленетіндігін анықтай алған.</p> <p>7.4 Көрсетілген барлық қағидағтардың қолдану деңгейі ауқымды. Алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының қазақ әдебиетінің тарихы пәні бойынша, ХҮІІІ ғасыр әдебиеті, Жыраулар поэзиясы, Хандық дәуір әдебиеті пәндерін оқыту барысында қолдана алады.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидағтары мен қорытынды тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялардың материалдар жинағында жарияланған мақалаларда дәлелденген. Мақалалардың жалпы саны 9 (тоғыз). Оның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 (бес) мақала жарық көрген.</p>
8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыста тарихи-типологиялық, жүйелік-салыстырмалы талдау әдісі негізделген. Сондай-ақ жинақтау мен салғастырмалы әдістер қолданылған. Диссертациялық жұмыстың методологиялық әдістемесі дұрыс тандалған.

<p>ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылған және интерпретациялау, деректерді өңдеу және түсіндіру әдістері қолданылған.</p> <p>Ия. Теориялық қорытындылар, анықтамалар ғылыми еңбектерге сүйеніп отырып дәлелденген. Зерттеу жұмысының нәтижелерін диссертант халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда жариялаған.</p> <p>Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде отандық ғалымдардың еңбектері пайдаланылған. М.Көпейұлы, С.Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Ә. Қонаратбаев, Н.С.Смирнова және басқа да ғалымдардың еңбектеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.</p> <p>Зерттеу жұмысында отандық авторлардың ғылыми еңбектеріне сілтемелер жасалынған. Теориялық еңбектермен қатар, әдебиеттану терминдер сөздігі, қазақ әдеби тілінің сөздіктері де пайдаланылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті.</p> <p>Ия. Зерттеу барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар әдебиеттану, қазақ әдебиетінің тарихы салаларының ғылыми-теориялық негіздерін қарастыруда үлесін қосады.</p>
<p>9 Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада</p>	<p>Ия. Диссертацияда қол жеткізілген нәтижелер мен тұжырымдар қазақ әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті, Жыраулар поэзиясы пәндеріне қатысты</p>

	Колдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Курстарды және элективті курстарды әзірлеуде қолдануға мүмкіндік береді. Диссертацияның практикалық ұсыныстары жаңа. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны, құрылымы, тілі, ғылыми әдебиеттерді пайдалану дәрежесі, көлемі философия докторы (PhD) дәрежесіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар тиянақталып, негізгі ой-байламдар түйінделген. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жасалған.
11. Диссертацияға қатысты ескертпелер мен ұсыныстар		Диссертацияда кездесетін кейбір орфографиялық қателерді (2, 13, 14 бб.) айтпағанда, айтарлықтай кемшілік кездеспейді. Бұл айтылған техникалық қателер диссертация мазмұны мен құндылығын төмендетпейді. Диссертацияға ұсыныс ретінде айтарымыз, Бұқар жырау шығармашылығын туыстас түркі дүниесіне ортақ тұлғалармен салыстыра зерттесе, зерттеу жұмысының өзектілігі арта түсер еді.

Ресми рецензеттің шешімі:

Қайымов Мухамеджан Абдихаликовичтің «Бұқар жырау толғауларындағы рухани-адамгершілік мәселелері және замана шындығының көркем бейнеленуі» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін беруге қоятын талаптарына толық сәйкес келетін, ғылыми жаңалығы бар зерттеу ретінде «8D02310 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:
SDU University профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты



[Handwritten signature]

Керімбекова Баян Дәулетханқызы

Қолданушының растауы
 № 06
 20 25
[Handwritten signature]